

**«Бір ел – бір кітап» акциясы аясында 2016 жылдың таңдауы –  
Дулат Бабатайұлы шығармалары**

**2016 жылдың 19 ақпан күні** ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында жалпыхалықтық оқуға «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында ұсынылатын жыл кітабын таңдау мақсатында акцияның ұйымдастыру комитеті мүшелері мен Қазақстан кітапханалары басшыларының қатысуымен кеңейтілген отырыс болып өтті. Отырыстың басында 2015 жылғы акцияның республикалық қорытындысы жасалып, «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша облыстық кітапханалар мен оқырмандар арасында 2016 жылдың кітабын анықтау туралы сауалнама қорытындысы жарияланды. Комиссия мүшелерінің жабық түрде дауыс беруімен акцияның жыл кітабы болып XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі, «Зар заман әдебиеті» өкілдерінің көш басында тұрған кемел ақын Дулат Бабатайұлының шығармалары таңдалды.

Осы жылы акция аясында бүкіл ел болып оныншы кітап таңдалды. Кеңейтілген отырыс жұмысына қатысқандар:

- «Бір ел – бір кітап» акциясының ұйымдастыру комитеті мүшелері - академик **Ғарифолла Есім**, филологиялық ғылымдардың докторы, профессор **Дихан Қамзабекұлы**, жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері **Несіпбек Айтұлы**, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бас сарапшысы **Таукелов С.Б.**, «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті» акционерлік қоғамының президенті **Сауытбек Абдрахманов**, ҚР ҰАК басшысы **Мұналбаева Ү.Д.**, филологиялық ғылымдардың докторы, профессор **Амантай Шәріп** және т.б.
- Облыстық кітапханалардың өкілдері: С.Баишев атындағы Ақтөбе ОӘФК директорының орынбасары **Крымкулова Айгүл Мақсатқызы**, Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл ОӘФК директорының орынбасары **Инкарбекова Гүлфайруз Капарқызы**, Н.В.Гоголь атындағы Қарағанды ОӘФК директоры **Аманжолова Дина Базарбайқызы**, Ж.Бектуров атындағы жасөспірімдерге арналған облыстық кітапхананың директоры **Бекбалакова Гаухар Абушахманқызы**, директор Костанайской ОУНБ им.Л.Н.Толстого **Дуйсебаева Дарига Торебаевна**, Тәжібаев атындағы Қызылорда ОӘФК директоры **Мырзамуратова Нуржамал Ахметқалиқызы**, «Отырар» Оңтүстік Қазақстан ОӘФК директорының орынбасары **Алпысбаева Гүльмира Батырбайқызы**, С.Торайғыров атындағы біріккен Павлодар ОӘФК директоры **Шахметова Шолпан Баянқызы**, М.Жұмабаев атындағы Ақмола ОӘФК сирек кітаптар қорының жетекшісі **Жұмажанова Жансұлу Жанболатқызы**.

Қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі **Дулат Бабатайұлы** 1802 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданында туады. Ауыл молдасынан оқып, мұсылманша сауат ашады. Алайда, ақындық өнерді еркше қастерлеген аймақта өмір сүрген, көне ақын, жыраулар мұрасынан, ескі тарихи аңыздар мен эпикалық жырлардан нәр алып өскен Дулат өз заманындағыа зерделі адамдардың бірі болды. өнер жолына ерте түскен Дулат

XIX ғасырдың орта шенінде Сарыарқадағы ең атақты ақындардың санатына қосылды. Өмірінің соңғы күндеріне дейін үлкен құрметке, даңққа бөленіп өткен ақын 1874 жылы өз елінде қайтыс болады. Бұқар мен Ақтамберді жырауларды ұстаз тұтқан, көне түркі поэзиясынан тағылым алған, өлеңді суырып салып та, жазып та шығарған Дулат қазақ поэзиясын мазмұн, тақын жағынан барынша байыта түсті, түр, көркемдік тәсілдер тұрғысынан жаңа сатыға көтерді. Ақынның терең мағыналы өлеңдері ұлы Абайға да әсер етті.